

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ.  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

**ПӘН БОЙЫНША  
ҚОРЫТЫНДЫ  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ОР 1201– Жалпы психология**

**«6B03107 - Психология» (1 курс) білім беру бағдарламасы бойынша**

**Күзгі семестр 2024-2025 оқу жылы**

**9 кредит**

**Оқытушы: доцент Калымбетова Э.К.**

**БАҒДАРЛАМА**  
**«Жалпы психология»**  
**пәні бойынша қорытынды емтихан**

**ЕМТИХАНҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР**

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Емтиханды өткізу формасы

**Өткізілу форматы:** оффлайн форматта жазбаша түрде өтеді.

**Өткізілу күні мен уақыты:** күзгі емтихан сессиясының кестесіне сәйкес.

**Тапсырманы орындау уақыты:** тапсырма орындауға талапқа сай уақыт беріледі.

**Қойылатын минималды техникалық талаптар:** Уақытында келу, тиісті аудиторияға.

Емтиханның ұзақтығы 3 сағатты құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

**Оқыту нәтижелері:**

**Пәнді оқу нәтижесінде студент:**

- жалпы психологияның қазіргі ғылымдар жүйесіндегі рөлі мен маңызын, оның теориялық және әдістемелік негіздерін түсіну
- жеке тұлғаның психикалық процестерін, қасиеттерін және күйлерін жіктеу
- жеке тұлғаның табысты дамуы үшін психикалық процестер, қасиеттер мен күйлер туралы білімі мен түсінігін қолдану
- шешім қабылдау үшін психикалық процестер, күйлер мен қасиеттер туралы алған білімдерін пайдалана отырып, кәсіби және өмірлік жағдаяттарды талдау
- зерттеу (реферат) есептерде, эсселерде психикалық процестерді, қасиеттерді және күйлерді зерттеуде алынған қорытындыларды бағалау және қорытындылау

### **Емтиханға дайындалу үшін емтихан тақырыптарының тізімі**

Силлабуста көрсетілген тақырыптар емтиханға ұсынылады:

1. Психологияның ғылым ретіндегі жалпы сипаттамасы.
2. Психологияның ғылым ретінде қалыптасуы
3. Психология ғылымының объектісі мен пәні.
4. Жалпы психологияның міндеттері. Психологияның ғылымдар жүйесіндегі орны. Психологияның салалары.
5. Психологияны зерттеу әдістемесі мен әдістері
6. Психологияның зерттеу әдістері.
7. Адам психикасының пайда болуы мен дамуы
8. Психиканың эволюциялық дамуы.
9. Іс - әрекет туралы түсінік.
10. Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы
11. Мәдени-тарихи теория.
12. Психика мәдениет өнімі ретінде.
13. Сана.
14. Сенсорлық таным және қабылдау әрекетінің психологиясы
15. Түйсік және қабылдау сенсорлық-перцептивті процестер ретінде
16. Ес психикалық процестер құрылымының өзегі ретінде
17. Естің түрлері, теориялары, есте сақтаудың негізгі процестері, оларды зерттеу және өңдеу әдістері мен тәсілдері.
18. Зейін психологиясы
19. Зейін және іс-әрекет.
20. Зейінді дамыту
21. Қиял
22. Қиялдың негізгі қызметтері, қиялдың адам өміріндегі маңызы.
23. Ойлау және сөйлеу
24. Сөйлеу қарым-қатынас түрі және психикалық процесс ретінде.
25. Ойлау мен сөйлеудің өзара байланысы. Сөздің мағынасы мен мәні.
26. Тұлға адамның психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде. Тұлғаның психологиялық құрылымы
27. Жалпы психологиядағы тұлға түсінігі
28. Жеке адамның психикалық күйлері
29. Эмоциялар, қажеттіліктер, мотивтер
30. Тұлғаның эмоционалды-еріктік саласы
31. Тұлғаның мотивациялық-қажеттілік саласы
32. Психологиядағы ерікті түсінудің әртүрлі тәсілдері.
33. Қабілет пен дарындылық психологиясы
34. Дарындылық, талант, данышпандық ұғымдары
35. Темперамент және мінез
36. Тұлғаның мінез – құлқы және темперамент

### **Ұсынылған әдебиеттер:**

#### **Негізгі**

1. Джакупов С.М. Общая психология: введение. Учебное пособие. Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – 162 с.
2. Камзанова А.Т. Тенденции развития психологической науки: учебное пособие. - Алматы, Қазақ университеті, 2016. – 138 с.
3. Нуркова В.В., Березанская Н.Б. Общая психология: Учебник. - Люберцы: Юрайт, 2017. - 524 с.

4. Киреева З.А. Психология познавательных процессов. Учебное пособие. – М., 2020. – 137 с.
5. Немов Р. С. Общая психология: учебник и практикум для академического бакалавриата: Т. 2: - 6-е изд., перераб. и доп. - Москва: Юрайт, 2017. - 302 с.
6. Маклаков, А.Г. Общая психология: Учебник для вузов / А.Г. Маклаков. – СПб.: Питер, 2013. - 583 с.
7. Романова М. В. Общая психология: познавательные процессы: учеб.- метод. пособие. – Пенза: Изд-во ПГУ, 2019. – 64 с.

#### Қосымша

1. E. Bruce Goldstein. Cognitive Psychology: Connecting Mind, Research, and Everyday Experience. - 5th Edition. – USA, 2018.
2. Баданина, Л. П. Диагностика и развитие познавательных процессов. - М.: Флинта: НОУ ВПО "МПСи", 2012. - 264 с.
3. Ананьев Б.Г. Психология чувственного познания. - М.: Наука, 2001. – 277 с.
4. Веккер Л.М. Психика и реальность: единая теория психических процессов. - Онлайн Библиотека <http://www.koob.ru> или <http://socd.univ.kiev.ua/LIB/PUB/V/VEKKER/vekker.pdf>

#### Интернет-ресурстар:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. Вопросы психологии <http://www.voppsy.ru>
3. Психология.py <http://www.psychology.ru>
4. <http://psychology-online.net> - сайт «Научная и популярная психология»

### БАК СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

| Критерий/ балл                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                            | Жақсы                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | ДЕСКРИПТОРЛАР                                                                                               |                                                                                                              |
|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| «Өте жақсы»                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Қанағаттанарлық                                                                                             | Қанағаттанарлықсыз                                                                                           |
| 90-100 балл                                                                        | 70-89                                                                                                                                                                                                                                                                      | 50-69                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 25-49                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 25-49                                                                                                       | 25-49                                                                                                        |
| <b>Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну</b>                        | "Өте жақсы" баға барлық үш сұрақтың толық ашылуын (алынған білім шегінде), әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады. | "Жақсы" баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық емес қамтиды, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберіледі. Жауапта стилистикалық қателіктер, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін. | "Қанағаттанарлық" баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді. | Қойылған сұрақтарды дұрыс жарияламау, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.                            | Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу ...; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.                       |
| <b>Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану</b> | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап, курстың практикалық мәселелерін шешу;                                                                                                                                                                | Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес, дәлелді                                                                                                                                                                                 | Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың                                                                                                                                                                                                                                                | Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, | Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және жалпылау жасай алмау. Қорытынды |

|                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                       |                                                                                                                                                       |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;                                                                                                    | теориялық білімі<br>Үстіртін қолданылады.                                                                                                                                                                 | тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктерді қабылдау.                                             | бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.                                                                                                                     |
| <b>Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі</b> | Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап, курстың практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау). | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді. | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер болуы | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды. | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |

### **Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:**

Қорытынды баға (ҚБ) =  $(Б1+Б2+Б3) / 3$ , мұнда Б – критерий бойынша балл, К – критерийлердің жалпы саны